



Ғарифолла ЕСІМ

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ

О Қ У Л Ы Қ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ғарифолла Есім

Қазақ философиясының тарихы

*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған
оқулық ретінде бекіткен*

Алматы
«Қазақ университеті»
2006

ББК 87.3я7

Е 78

*ҚР Білім және ғылым министрлігінің оқу әдебиеттерін дайындау,
шығару және сатып алу жөніндегі ашық конкурсының
қорытындылары бойынша шығарылды*

Пікір жазғандар:

философия ғылымдарының докторы, профессор **Сағындық Кенжебаев**;
философия ғылымдарының докторы, профессор **Аманжол Қасабек**

Есім Ғарифолла


Е 78 Қазақ философиясының тарихы: Оқулық. — Алматы: Қазақ университеті, 2006. - 216 б.

ISBN 9965-30-060-7

Бұл академик Ғарифолла Есімнің философия және саясаттану факультетінің студенттеріне арнайы пән ретінде оқыған дәрістерінің негізінде жазылған қазақ философиясының тарихына арналған еліміздегі тұңғыш оқулық.

Кітап студенттерге, магистранттарға, аспиранттарға, сонымен бірге қазақ рухани мәдениетін, дүниетанымын білгісі келген ниеттегі көпшілік оқырманға арналған.

Е 0301020000-117
460(05)-06



ББК 87.3я7

ISBN 9965-30-060-7

© Есім Ғарифолла, 2006
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2006

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ философиясы әлем халықтары философиясының табиғи бір арнасы. Қандай халық болмасын, оның ойлау мәдениеті және өз ішінен шыққан данышпандары болады. Ойлау мәдени кеңістігі болмаған тарихта халық болған емес. Осы тұрғыдан алғанда қазақ халқының ойлау мәдени кеңістігі негізінен екі тарихи өлшеммен анықталмақ.

Алғашқы мәдени тарихи кезең, бүгінгі қазақ этносын құраушы ру, тайпалардың тарихына, тұрмысына, мәдениетіне қатысты анықталмақ, тарихқа белгілі Ғұндар империясы, Түрік қағанаты, Үйсін мемлекеті, Қыпшақ мемлекеті, Алтын Орда мемлекеті, одан беріде Ақ Орда, Көк Орда құрамындағы тайпалардың түркі тіліндегі қалыптасқан дүниетанымы.

Жалпы түркі дүниетанымы деп аталатын мәдени-тарихи кеңістікке орай айтқанда, біз көне түркі жазулары (Күлтегін, Тоныкөк т.б), жыр, дастандар, хисса, ертегілермен қоса тамаша ойшылдар: Иоллыгтегін, Тоныкөк, Қорқыт, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Иасауи т.б айтамыз. Осыншама кең тынысты түркі дүниетанымы болмаса, бүгінгі студенттерге арнайы білім ретінде ұсынып отырған «Қазақ философиясы тарихы» туралы ауқымды сөз айту қиын болар еді.

Түркі дүниетанымы қазақ философиясының төл арнасы (генезисі) екені шындық. Сонымен бірге қазақ философиясы Қазақстан территориясына ислам діні мен мәдениеті арқылы енген араб тіліндегі философиядан (фалсафа) нәр алған. Ислам философиясы арқылы Қазақстанға Сократ, Платон, Аристотель ілімдері тарай бастады. Еліміздің даналары грек философиясымен араб тілі арқылы танысты. Осындай ықпалдың әсерінен ортағасырларда зиялы қауым арасында мынандай мәтел болған: философияны айтқанда араб тілі, поэзияны әңгіме еткенде парсы, ал өмір үшін түркі тілі қажет деген. Ортағасырларда ғалымдар үшін үш тілді білу қажеттілік болған.

Қазақ философиясының төл тарихын мен XV ғасырдан бастаймын. Әрине, қазақ философиясы жоғарыда айтылған түркі дүниетанымының табиғи жалғасы, бірақ мәселені қазақ этносына қатысты қойсақ, ол Мырза Хайдар Дулатидің Тарих-и Рашиди еңбегінде атап көрсетілгендей, Қазақ хандығы (Ордасы) 1456 жылы Шу өзені бойында Қозы Басы деген қоныста Ту көтеріп, Мемлекет атанған. Бұл қазақ этносының әлем халықтары тарихына еңген мезгілі.

Қазақ мемлекетін күруға үш негіз болған, олар - әскери қауымдастық, рулық, тайпалық қауымдастық және азаматтық қауымдастық. Осы үш қауымдастық нәтижесінде қазақ этносы дүниеге келді. Ол өзінің саяси еркіндігін (мемлекеттігін), рухани еркіндігін, әскери еркіндігін және жерге деген азаматтардың атамекендік терең сезімдерін қалыптастырды. Осы істе ерекше тарихи қызметімен халықтың санасында есімі аңызға айналған ойшыл Асан Қайғы болатын. Ол мемлекеттің іргесі болатын жер туралы ілім жасады, ол - Жерұйық. Сондықтанда, қазақ философиясының төл тарихын Асан Қайғыдан бастауды жөн көрдім.

Философия тарихын осылайша оқып-үйрену студенттерден қазақ халқының тарихын, мәдениетін, фольклорын терең білуді талап етеді. Сондықтан студенттердің мәдени мұра мәтіндеріне тікелей талдау жасау қабілеттерін арттыру қазақ философиясы тарихы пәнінің басты мәселесі.

Қазақ философиясы тарихын оқып-үйренудегі мақсат халыққа тән ойлау мәдениетін, даналығын танып, түсіну. Ұлттың менталитеті, оның дүниетанымы арқылы ашылатынын студенттер осы пәнді оқу арқылы нақтылы деректермен танысуға мүмкіндік алады.

Қазақ философиясы тарихы пәнін оқытуда, оның әлем халықтары философиясымен салыстырмалы арқылы меңгеруі, білім жүйесіндегі сабақтастық принципін қамтамасыз етпек.

Қазақ философиясы тарихы — даналық онтологиясы туралы білім жүйесін құрайтын, егеменді елдің өзін-өзі тануына мүмкіндік беретін пән.

Автор

ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ұлттық философия туралы түсінік. Қазақ философиясын зерттеудің методологиялық мәселесі. Ұлттың дүниетанымындағы Ел және Жер ұғымдары. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» эпосына мәтіндік талдау. Ұлттық дүниетаным тарихында эпостың алатын орны. Қазақ ертегілерінде көтерілген дүниетанымдық арналар. Аяз би немесе қазақ дүниетанымындағы «жаман адам» мәселесі. Ескерткіш туралы мәдени-философиялық түсінік. Күлтегін және Тоныкөкке арналған сына құлпытастар. Күмбездер. Ескерткіш — мәдени мұра. Ескерткіш өркениет өлшемі. ескерткіштер ұрпақтарына «хат». Ескерткіштерді мәтін ретінде талдау.

Философия тарихында әлем халықтарының ой-санасы сол халықтың атымен аталатын дәстүр бар, айталық көне Қытай, Үнді философиясы, Грекия ойшылдарының философиясы, бертін келе ағылшын, француз, неміс философиясы туралы айтып келеміз. Философия дерексіз ой-сана емес, ол белгілі бір халықтың, соның айтулы тұлғаларының дүниетанымы негізінде қалыптасады.

Кейбір замандарда әр түрлі мәдени-тарихи қажеттіліктерге сай философия аумақтың немесе тілдің негізінде өзіне атау алады, мысалға араб тіліндегі ойшылдар философиясын немесе латын тілінің негізінде Батыс Европада болған философияны айтуға болады. Сонымен бірге маргиналдық философиялар жүйесі болады, айталық маркстік-лениндік философия соның бір дәлелі.

Қазақ философиясы дегеніміздің мәнісі — ұлттық философия. Бұл мәселе туралы екі түрлі пікір бар, бірі — ұлттық философия деген болмайды, философия математика, физика, биология ғылымдары сияқты әлемдік құбылыс десе, екіншілер қандай болмасын философия ұлттық (тілдік) негізде болады дейді. Мен екінші пікір жағындағы адаммын.

Әрине, философия әлемдік деңгейдегі ойлау мәдениетінің феномені. Бізге, яғни қазақтарға Сократ, Платон, Аристотель т.б. әлем халықтарына белгілі болған ойшылдар еңбектері түсінікті, себебі олардың мазмұны адамзатқа тән. Философия адамдардың ойлау мәдениетінің айшықты көрінісі, бұл жерде философиялық құндылықтар күллі әлем халықтарына ортақ. Алайда, осы ортақ философиялық құндылықтардың қалыптасуы нақтылы бір тілдік негізде болған және оған қоса айтарым, әр халықтың ойлау жүйесі

өзіне тән табиғи-тарихи ойлау кеңістігінен құнарланады. Бір сөзбен айтқанда әрбір халық, оның ойшылдары әлем халықтарының философиялық дәстүрлерін білім ретінде қабылдай отырып, өз тұжырымдарын ортаға салады, сондықтан да ғылымда ағылшын философиясы, неміс философиясы, француз философиясы т.б. жүйелер қалыптасқан. Әр халықтың философиясы, қазір айтылып жүргендей, ұлттық ерекшелікті білдіретін ойлау әрі дүниетанымдық жүйелер емес, әлемдік деңгейде қарастырылатын — феномен, себебі, әлемдік философия деген жоқ, бары *әлем халықтарының философиялары*. Бұл жерде нақтылы айта кететін методологиялық мәселе сол, кей замандарда, тарихи кезеңдерде бір халықтың немесе аймақтың философиясы сол заманның, тарихи кезеңнің өркениеттік көрсеткішіне айналып, әлемдік ойдың деңгейін анықтай алатын халде болады. Міне осыны, ұлттық философияны жоққа шығарушылар әлемдік философия дейді. Антикалық заманда мұндай қызметті грек философиясы, бертін келе араб тіліндегі философия атқарды, одан беріде жаңа заман философиясы, XX ғасырда мұндай қызметті атқаруға маркстік философия ынталанды, бүгінде әлем халықтарының біреуінің де философиясын «әлемдік философия» деп айта алмаймыз, бірақ көпшілік назарына іліккен француз пост-модернистері, американдық және немістің ауызға ілініп жүрген кейбір философтарын атауға болады. Бүкіл адамзат, бір ауыздан мойындап отырған философиялық жүйе немесе мектептер жоқ, мүмкін ондай жағдайлар уақыт өте анықталар.

Жоғарыда айттым, ұлттық философияны әлемдік философияның ерекшелігі деп қарау методологиялық жағынан теріс түсінік, бірақ ол кеңес заманында санада қалыптасып қалған, себебі маркстік-лениндік философия ұлттық философия емес-ті. Осы кезде, жалпы «ұлттық» деген ұғым ерекшелік дегенді білдіреді деген түсінік қалыптасқан. Сол кезде түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет деген ұғым болған, сондықтан ұлттық философияны да әлемдік философияның ерекшелігі деп түсіну болған. Негізінде мәселені өзгеше қою керек. Әлемдік философия жоқ, әлем халықтарының философиясы бар, бірақ өркениетті елдер философиясын «әлемдік философия» деп оқу дәстүрі қалыптасқан. Сөзсіз бар халықтар дүниетанымына ортақ ұғымдар бар, бұл жөнінде әл-Фарабидің «*Мәселелер мәні*» және «*Ғылымдардың шығуы туралы*» еңбектерін пайдалануға болады [1], бірақ мәселе сонда, бұл ұғымдар әрбір ұлт тілінде өзіне сай дүниетанымдық жүйелерде өз мазмұндарын тереңірек аша алмақ. Ұлттық философияның басты субстанциясы — *ұлттық тіл*. Философия дегеніміздің өзі нақтылы тіл

арқылы, сол халықтың дүниетанымын объектіге айналдыра алған - сана. Осы мәселені түсінбеушіліктен ұлттық философия болмайды деген түсінік пайда болған. Дүниетанымы жоқ халық болмайды, халық (яғни ұлт) дегеннің өзі адамдардың дүниетанымдық консолидациясының көрінісі, дәлелі, шындығы. Мәселе сонда, осы халықтың дүниетанымы философияның пәніне айналған ба, жоқ па, егер айналса қандай деңгейде және қандай тәсілдер арқылы жүзеге асқан?

Біз қазақ философиясының тарихы дегенде осы мәселелерге назар аударуымыз керек. Сонда халықтық, ұлттық дүниетанымның табиғи-тарихи арналары қайсы дегенде, мен бұл мәселені халықтың сөз өнеріне қатысты қарастырмақпын, ол эпостарда, жырларда, ертегілерде, аңыздарда молынан кездеседі.

Қазақ философиясының пәні және оның қалыптасуы — дүниетанымдық негіздерге қатысты. Біз философияға терендеп еніп, еркін ойлаған сайын қазақ философиясын былай қойғанда, жалпы философияның пәнін анықтауда үлкен дауға қалдық. Кеңестік заманда маркстік философияның пәні мейлінше айқын болатын. Философия деген — табиғаттың, қоғамның және ойлаудың неғұрлым жалпы заңдылықтарын зерттейтін ғылым дейтінбіз. Бәрі айқын әрі «түсінікті» болатын. Қазір мұндай айқындық жоқ. Не істеу керек? Оған жауап жаңа методология аясында жатқан тәрізді. Біздің пікірімізше философиясының пәні оның тарихы арқылы анықталмақ. Мәселені осы тұрғыдан алсақ, қазақ философиясының пәні де, оның тарихын зерттеумен анықталмақ. Әрбір тақырыпқа лекциялар арналған сайын, қазақ философиясының пәні нақтылана түспек.

Жалпы қазақ философиясына қатысты мәселе көп. Қазақ философиясының тарихына бойлаған сайын сұрақтардың көбейе беруі де мүмкін. Бәлкім біз бұрын елемей келген, бірақ онсыз қазақша ойлаудың табиғатын ашу, қазақ философиясын әлемдік деңгейде салғастыра қарастыру мүмкін болмайтын, тың мәселелердің де бой көрсетуі ықтимал. Бірақ біз оларға объективті ғылыми процесс тұрғысынан талдау жасап, плюрализмге орын қалдыра отыра байыпты жауап іздеуіміз керек.

«Қазақ философиясы» деген қандай ұғым? Қазақта философия деген ұғым болмаған [2]. Философия деген гректің даналықты сүйемін деген сөз тіркесінен шыққан. Ана тілімізде философияны немесе философ дегендерді білдіретін даналық, дана, данышпан, араб дүниетанымы арқылы енген хакім деген ұғымдар бар. Қазақ философиясы дегенде

біз даналық (хакімдік) ойлардың тарихы туралы сөз етеміз. Сондықтан қазақ халқының философиясы жоқ деу халықтың тарихын, мәдениетін, менталитетін білмеуден туған түсінік деуге әбден болады. Қазақтың ойлау қабілеті соған сай дүниетанымдық ой санасы болса қазақ философиясы не себепті болмауы керек? Бұл жерде мен мынандай мәселені айтқым келеді. Философия деген грекше түсінік, оның негізінде софия, даналық деген жатыр. Олай болса, әлемде данасы, даналығы болмаған халық жоқ. Даналықты білім пәніне айналдыра зерттеу философия үлесіндегі іс. Бірақ философияның не екенін түсіну әр заманда әр қилы болып келді, бүгін де солай. Сондықтан философия пәні мынандай, қалғандары философия емес деу, сол кешегі маркстік-лениндік идеологияның сарқыншағы. Даналық бар жерде философиялық мәдениет, ойлаудың еркін мүмкіндігі бар.

Кеңестік идеология заманында қазақша ойлау, қазақ қауымының дүниетанымы деген нәрселер ұлтшылдықтың негіздері деп қарастырылды. Осыдан келіп «қазақ философиясы» деген болуы мүмкін емес деген ұғым орныққан.

Қазақ философиясы әлем халықтарының философиялық жүйесіне әлі ене қоймаған. Оның себебі, халқымыздың даналық ойлары, дана, хакім адамдары туралы философиялық білім түбегейлі әрі тиянақты түрде қалыптаспаған. Даналықтың онтологиялық мазмұны білімге айналмаған. Енді осы кемшілік жойылып келеді. Қазақ философиясын білім ретінде білмеу әрбір зиялы адам үшін, оның біліміндегі кемшілік болмақ. Себебі, ұлт философиясы оның рухани дүниесінің басты арнасы. Сондықтан қазақта философия бар ма, жоқ па деген ғылыми сұрақ емес, ол адамның мәдениеттілігіне қатысты мәселе. Әр халықтың өзіне тән ойлау дәрежесі бар, өзіне тән философиясы бар. Мәселе оны, алдымен өзіміз, қалай танып, қалайша ғылымның объектісіне айналдыра алмақпыз, басқаша айтқанда, кім екенімізді өзіміз анықтап, өзгеге қалай паш ете аламыз, міне мәселе осында.

Ұлттық дүниетанымның бастауы қайда? Бұл тұста мынаны айтса жөн: қазақта эпос, жыр, ертегі, айтыс, аңыз, өлең тағы басқалары жетілген халықтық өнер жүйесі бар. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша «Бабалар сөзі» деп аталатын 100 томдық жинақ жарыққа шығып жатыр. Оларды біз әдеби немесе мәдени мұра тұрғысынан ғана қарауымыз керек пе? Әлде ұлттық дүниетанымның бастауы деп қабылдауымыз керек пе? Меніңше осы аталғандардың ішінде, әсіресе эпостық жырларда халықтың дүниетанымдық негіздері бар. Яғни мәдени мұра философияның объектісіне айналуы тиіс. Өйткені «неге»

деген сұраққа басқа мамандық иелері емес, тек философтар жауап беруі тиіс.

Қазақ философиясы даусыз бар, бірақ оның барлығы дәлелденуі керек. Дәлел не? Ол тарихта болған белгілі бір тұлғаның озық ой үлгісі, дүниетанымы, халықтың дәстүрлі тұрмыс салты, оның даналығы көрініс тапқан шығармалар, сәулет өнері. Осының бәрінен ұлттық ойлау, дүниетанымы көрініс береді. Соларды философияның объектісі етіп жиынтықтап, саралап зерттей бастағанда, қазақ философиясына тән, *қазақша ойлау үлгісін* сипаттайтын ұғымдар айқындала бастайды. Демек, қазақ философиясы тарихының пәнін мәдени мұра тарихы арқылы ашу. Бұл дұрыс бағыт. Бірақ бұл салада қаншама ғылыми еңбектер жазылып, талпыныстар жасалып келеді. Рас, көбінде біз белгілі дәрежеде әлі әдебиетшілер мен тарихшылардың айтқандарын қайталап келеміз. Солардың айтып кеткендерінің аясында жүрміз. Мәселе керісінше болуы керек. Философтар «неге?» деген сұраққа жауап іздеулері қажет.

Сонымен қазақ философиясы бар дегенге тоқталсақ, оның арғы жағында «ол қашаннан бері белгілі болған?» деген сұрақ туады. Қазақ философиясының тарихын қайдан бастаймыз дегенде талас тудыратын пікір: белгілі ғалым, профессор Аманжол Қасабек «Тарихи философиялық таным» [3] еңбегінде қазақ философиясына методологиялық талдау жасап, орта ғасыр философиясы, хандық дәуірдегі философия, бодандық кезіндегі философия, жиырмамыншы ғасыр философиясы деп жіктеп қарастырады. Профессор Тұрсын Ғабитов қазақ философиясының ерекшеліктері, қазақ философиясының қалыптасуы, қазақ философиясының дәстүрлілігі мен жаңашылдығы және ағартушылық философиясы деп өзінше қарастырады. Карл Ясперс философтарды мынадай типтерге топтастырған:

Адамгершілік өлшемін берген әулиелер...

Философиялық жасампаздар...

Философиялық жаңғыртушылар...

Ұлы жүйе құрушылар...

Даналық өрісіндегі философтар...

Поэзиядағы философтар... айта келе, қазақ философиясының он сипатына тоқталған. Олар:

Біріншіден, табиғатқа бас иіуді, оған табынуды талап етті — қазақ халқы басқа да Шығыс халықтары сияқты ешқашанда табиғаттың патшасы болу, оны өз еркіне сай етіп қайта өзгерту мақсатын өз алдына қойған жоқ. Сондықтан, ежелден қазақ халқының қазіргі тілімен

айтқанда экологиялық санасы биік, оған тән саяси формалар — соғыс демократиясы, әрі кеткенде — алғашқы феодалдық қатынастар, дамыған феодализм қазақ жерінде ешқашанда болған жоқ, ол көшпенділік шаруашылық формасының табиғатынан шығады;

Екіншіден, қазақ философиясында онтологиялық (болмыс) және гносеологиялық (дүниетаным) мәселелерден гөрі адам мәселесіне көбірек көңіл бөлінеді;

Үшіншіден, адам мәселесі, қазіргі тілмен айтқанда, көбіне экзистенциялдық тұрғыдан қаралады және ол көшпенділік өмір сүрген жерінің ұлан-ғайыр уақыт пен кеңістік әлемінде жалпы дүние болмысымен барынша бауырластығын сену көркемдік таным игілігінің маңызды бір шарты болып табылады. Кешегі мен бүгінгінің бәрін аялап, адамзат ұрпағын бір-бірімен сабақтастырып жатқандаймыз. Бұл дүние — нақты құбылыс пен адам бауырластығынан туатын шындық;

Төртіншіден, көшпенді халықтың арасындағы әлеуметтік айырмашылықтар аз болғандықтан теңдікке негізделген әділеттілік құндылығы. Сондықтан да бүгінгі таңда жүріп жатқан қайта әлеуметтік топталу — рестратификация — (аса байлармен қатар кедей, қайыршылардың пайда болуы) адамдардың жан-дүниесінде ауыр жарақаттар қалдыруда;

Бесіншіден, байлыққа жетуден гөрі ар-намысты жоғары ұстау — бұл да халықтың қанына терең сіңген құндылық болып табылады. Онымен тығыз байланыста бар нәрсеге қанағат ету де қазаққа тән нәрсе;

Алтыншыдан, ұжымдық мүддені жеке мүддеден гөрі жоғары ұстау — ол да көшпенділік өмір салтынан шығатын құндылық;

Жетіншіден, өне бойы көшіп-қону барысында әрқашанда неше-түрлі қиындықтарды, қауіп-қатерлерді бастан кешуге тура келеді — ол ерлікті, батырлықты қасиет етуді талап етеді. Сондықтан, беске келген жылқының жалында ойнап, 14-15-ке келгенде батырлықты армандап, біздің бабаларымыздың көбі 20-25-інде елін аман сақтау жолында өмірлерін қия білген. Қазақ халқының дербестігін көтере алмай жүрген кейбір арам пиғылды саясаткерлер оны білуі қажет;

Сегізіншіден, көшпелінің өмірі қысқа, өне бойы қауіп-қатерлерден, соқтығыстардан тұрғаннан кейін ол күнбе-күнге өмірді бағалап, өмірден алудан гөрі болуды жаратқан. Әрбір күнді той-думанға айналдыру, өзін шешен сөзбен, даналықпен көрсете білу, неше түрлі сайыстарға қатысу, «бір сырлы, сегіз қырлы болу» — бабаларымызға тән нәрселер болған;

Тоғызыншыдан, дүниеге, басқа халықтарға деген ашықтық, қиналғандарға риясыз қол ұшын беру — бұл да біздің халықтың керемет қасиеттерінің бірі;

Оныншыдан, көшпенділердің негізгі құндылықтарының бірі — ата-ананы, үлкендерді сыйлауы [4].

Ал профессор Серік Нұрмұратов «Қазақ философиясының жағдайы және даму тенденциялары туралы» деген мақаласында былай деп жазады:

«Қазақтың философиялық ой-өрісі ғасырлар бойы қалыптасқан әрі өзіндік тарихқа ие. Ол төмендегідей бір-бірінен ерекшеленетін сипаттарымен белгілі ірі кезендерден тұрады:

- болмысты санадан өткізудің түркілік кезеңі. XV ғасырға дейін;
- қазақ хандығы тұсындағы дүниетаным. XV-XVIII ғғ.;
- қазақ ағартушыларының философиялық көзқарастары. XIX ғасыр;
- XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының дүниетанымы;
- қазаргі заманауи кәсіби Қазақстандық философия. XX ғ. ортасынан бүгінге дейін» [5]. Бұл да ойланатын мәселе.

Мұқанмадияр Орынбеков «Қазақтардың рухани консолидациясы» деген еңбегінде ілгерідегі қазақтар немесе қазақтар рухани мұрагері болып отырған тайпалар және тайпалық одақтардың дәстүрлі салты мен дүниетанымына дейін бойлап, қазіргі дүниетанымдық ұғымдарымыздың тамырын сол көне замандардан бүгінмен жалғастыруға талпыныс байқатады. Бұл да ойланатын нәрсе. Біз қазақтар түптеп келгенде көктен түскен жоқпыз. Сол көнедегі тайпалар өмір сүрген жерде отырмыз. Жай отырған жоқпыз, ел болып отырмыз. Бұдан ел және жер деген проблема туады.

1994 жылы менің «Хакім Абай» атты еңбегім жарық көрді. Соның бастапқы тарауы «Анахарсистен Абайға дейін» деп аталады. Анахарсис сонау сақтар заманының ойшылы. Көне гректер сақтардың кім екенін осы Анахарсис-Скифский арқылы танып білген. Менің бұлай терендеуімнің мәні мынада болды: Анахарсис - сақ, Қазақстан территориясынан шыққан ойшыл. Одан соң Иоллығтегін, ол Күлтегін жырын тасқа бастырып мұра-өсиет қалдырған. Өмірдің мәні туралы терең де тұжырымды ойлар айтқан данышпан. Одан келе Фараби. Ол арқылы біз өзіміздің ата-тегіміз қыпшақ заманындағы ой өлшемін білеміз. Ол заманда біздер қандай едік, қазір қандаймыз? Нені мұра еттік, нені жоғалттық? Анахарсис, Иоллығтегін, Қорқыт, Фараби, Иасауи, Баласағұн, т.б. олардан кейін келген ғұламалар - бәрі осы біз қазір мекен етіп, ел құрап отырған алып далада даналық ізін қалдырған тұлғалар.

Көріп отырғанымыздай, қазақ философиясы қай кезден қалыптаса бастады дегенге біржақты жауап жоқ, ғалымдар пікірі әр түрлі. Бір мың, екіншісі екі мың жылға ұзартып әкете береді. Соның ішінде кезінде менің де бір позицияға табан тіреп тұра алмағаным белгілі. Неге? Себебі түсінікті. Саяси тәуелсіздігіміз болмаған соң рухани тәуелсіздігімізді ғасырлардан ғасырларға қуып іздедік. Бүгінде жағдай басқа. Егеменді ел атандық. Ендігі жерде санаға салмақ салып, үшқары романтиканы азайтқан жөн.

Байыпты сана мені мынадай ойға жетелеп әкелді. Егер қазақ философиясын қазақ тарихымен, қазақ этносымен, қазақ мемлекетімен (хандығымен) байланысты қарастырсақ, XV ғасырға келіп тоқтаймыз. Өйткені осы XV ғасырда Керей мен Жәнібек сұлтандар Ақ Ордадан бөлініп, Шу бойындағы Қозыбасы деген қоныста «Қазақ хандығын» құрды. Осыдан кейін *Қазақ елі* деген ұғым орнықты, ел болған жерде елдік сана қалыптаса бастады.

Қазақ хандығының құрылуына байланысты мәселеге назар салсақ, хандық яғни мемлекет этнос құрушы фактор екенін аңғарамыз. Халқымыздың тарихында этностан бұрын саяси ұйым құрылған. XV ғасырға дейін барлық институттары қалыптасқан Ақ Орда мемлекет болды. Оның халқын «көшпелі өзбектер» деп атады. Бірақ оның бір бөлегі, бірқатар тайпалары орталықтандырылған мемлекет құрамынан бөлініп шықты. Егер Ақ Орданы біртұтас этносты біріктірген мемлекеттік құрылым ретінде қарастырсақ, Керей мен Жәнібектің бұл hareketі әрине сепаратизм. Бірақ Ақ Орда аясында да ұлттық қалыптасу процесі әлі аяқталмаған болатын. Сондықтан оны дәстүрлі тұрмыс салты, тілі, діні ортақ тайпалардың осы ортақтық негізінде оқшаулана бастауы, яғни ұлт болып қалыптасуға жасалған шешуші қадам деп қарастыру керек. Қалай болғанда да біз оны белгілі рулар мен тайпалардың әскери одағы деп қарастыруға бейімбіз. Бұл одаққа енген Керей мен Жәнібектің қол астына жинала бастаған адамдар енді өздерін «қазақпыз» деп атай бастаған. Осылайша қазақ этносы қалыптасқан. Бұл этнос, әрине, бұрын осы жерлерде өмір сүрген қыпшақтар, қимақтар, үйсіндер, ғұндар, сақтар сияқты тайпалар негізінде қалыптасты, солардың мәдени, рухани мұрасын меншіктеді. Бірақ ол мұра жаңа мазмұнмен толықты. Оның мәнісі қазақ ел болып орныққан соң елдік сана қалыптасты. Яғни, дүниетанымымыз жаңа арнаға бағыт алды, ұлттық құндылықтар сұрыпталып, жаңа мазмұнмен байытылып, өзгешелік, ерекшелік сипат ала бастады. Енді біз көне түркілер заманындағы, тіптен одан кейінірек Алтын Орда кездеріндегі

империялық ойлаудан қазақша ойлауға бет бұрдық. Сөйтіп қазақтар XV ғасырда тарих сахнасына шықты, сондықтанда қазақ философиясын да осы тұстан бастағанмыз дұрыс болар. Осы оймен қазақ философиясын Асан Қайғының экзистенциалды шығармашылығы мен Мырза Хайдар Дулати шығармаларындағы дүниетанымдық мәселелерден бастау ниетіндемін. Бұлай деуге менің санама өзгеріс әкелген «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры, дәлірек айтқанда осы мәдени мұраның мыңжарым жылдығының тойлануы болды.

Мен суретші болмасам да қызмет жағдайымен ұзақ жылдар бейнелеу және сәулет өнері адамдарының ортасында болдым. Сондағы түйгенім - қиынның қиыны форма табу. Оны таба алмаған адамнан суретші де, сәулетші де шықпайды. Сондай мүлтіксіз форманы тұрғызған адамның шынайы шебер екеніне көзің әбден жетеді. Қозы Көрпеш - Баян сұлу күмбезін тұрғызған шебердің тапқан формасы - пирамида. Біз білеміз, египеттіктердің ең тиянақты форма ретінде ойлап тапқаны да пирамида. Египет - адамзат тарихындағы үздік өркениет орталықтарының бірі. Олардың санасының негізінде пирамидалық ойлау жатқан болар дер едім. Ал енді мына күмбезде сол қайталанып отыр. Бірақ бұл пирамиданың, пирамидалық ойлаудың, өркениеттің далалық үлгісі. Күмбездің іші қалыңдығы екі метрдей таспен төрт қырлап өрілген. Әлі бастапқы кейпін сақтаған. Салыстыру мақсатында айтсақ, бергі оқиға, атағы дүниенің төрт бұрышына жеткен Алтын Ордадан бүгінде жұрнақ та жоқ. Ноғайлы заманындағы Сарайшық та археологиялық қазба орнына айналды. Ал мыңжарымжылдық (тіптен бертіндегіп мың жылмен шектелсек те аз болмас, - *Ғ.Е.*) уақыт жүгін арқалаған күмбез әлі тұр. Күмбездің зәулімдігі жағын айтсақ, мысалы Шыңғыс ханның баласы Жошы күмбезінің биіктігі жеті-ақ метр, ал Қозы мен Баян күмбезі он екі метр. Осы жайларға орай «неге» деген сауал тағы алдымыздан шығады.

Кезінде Аякөзге арнайы келген ақын Мұқағали Мақатаев күмбез туралы: *«Аягөз деген аядай бұлақ деседі, Жұрттардан қалған жұмбақты кімдер шешеді...»* деген екен.

Шынында бұл жұмбақ. Осынша зәулім құрылысты кім салды және салудағы мақсат не? Бір нәрсе айқын - мұндай күмбезді салу тоқсан мың жылқы біткен Қарабайдың қолынан келмейді. Бұл құрылыс салуға империя, империялық сана керек. Бұл бір. Екіншіден тарихта Қозы мен Баян сияқты армандарына жетпеген ғашықтар аз болмаған. Солардың бәріне осындай күмбез тұрғызылған ба? Әрине жоқ. Ойлаймын, бұл үздік сәулет өнері үлгісін салуда аса маңызды елдік

мәндегі символдық мотив болғанға ұқсайды. Ол тек армандарына жетпей дүниеден өткен екі ғашыққа салынған зират емес, мемлекеттік деңгейдегі маңызы болған заман ескерткіші емес пе екен деген ойға кетесің.

Жырдың мыңжарымжылдығына орай Семейде конференция болды. Сонда Ж.Артықбаев деген зерттеуші былай деді: «Қозы Көрпеш - Баян сұлу жырындағы дүниетанымдық мәселелердің көп кездесуі жырдың негізгі міндеті жігіт пен қыздың арасындағы махаббат емес, үлкен идеологияны дәріптеуге байланысты» [6]. Осы пікір шындыққа бастау түр. Әңгіме тек қыз бен жігітте, олардың ғашықтығында емес, ондай ғашықтар қай заманда болмады. Солардың бәрі осылай дәріптелді ме? Демек, мәселе заманның идеологиясында. Ол бірлік, бітім, келісім деген сияқты ұғымдарды меңзейтін саясат және даналық болса керек. Мәселе сол заманның геосаяси жағдайында. Асылында кезінде айтулы оқиға болған, Қозы мен Баян махаббаты әлде оған орайлас келді әлде себепкер болды. Үлкен дүрбелең соңынан ақылға жендіріп, бітім келісім жасалған. Қозы көрпеш пен Баян сұлу күмбезі сол елдіктің символы болса керек. Заман озады. Сол кезде болған нәрсе маңызын жояды, санадан өше бастайды. Бірақ ешқашан өшпейтін тақырып - махаббат. Қысқасы оқиға және себеп ұмыт болып, әңгіме арқауы Қозы мен Баянның махаббатына ойысқан.

Заман оқиғасының уақыт өте мифтік арнаға түсе бастайтыны бар. Сөйтіп, шындықтың ақиқатқа ауысу процесі басталады. Қай заманның шындығы болмасын келер заманға бәз-баяғы қалпын сақтай алмайды. Шындық өзгеріске түседі, егер ол болмыстың өзекті арнасына адамзаттың қасиеттеріне тікелей қатысты болып, өз заманының оқиғасы боларлық қуаты болса, онда ол ақиқатқа айналу мақсатында мифтік формаға ие бола бастайды. Мұндай жағдайда шындыққа немесе оқиғаға негізгі себеп болған жайлар ұмытылып, жұрт жадында ақиқатқа қатысты жағы ғана сақталады. Қозы мен Баян хикаясында осындай хал болғанға ұқсайды. Кезінде тарихи әрі саяси, тіптен геосаяси дүрбелең болған, бірақ сол заман үшін маңызды болған оқиға ұмытылып, мәңгілік ақиқатқа қатысты жағы қалған. Ол - қыз бен жігіттің құрбандыққа дейін барған ғашықтығы.

Біз оқиғаның шындығын ешқашан дөп басып айта алмаймыз. Ол үшін бізге жырға арқау болған оқиғаның шын қашан болғанын білу керек. Жырдың бүгінге дейін мәлім он жеті нұсқасының болуы, оның бүкіл түркі халықтарына тарауы, оның шын көненің мұрасы екендігін көрсетеді. Қозы-Баян хикаясы, мәселен, алтайлықтарда да бар. Бірақ онда Қозы ғашығын іздеп аспанға да көтеріледі, Ертөстік тәрізді жердің

астына да түседі. Яғни, біржола мифтендірілген, бұл ортада қандай жолмен таралса да, сол орта үшін тым бұлыңғыр, бөгде нәрсе екені көрініп тұр.

Ал біз үшін бәрі айқын. Ай, Таңсық, Аякөз - бәрі еліміздің шығысындағы жер аттары, оның үстіне Қозы мен Баян күмбезі тұр. Қарабай үдере көшкен «Су аяғы құрдым» нақтылы географиялық мекендер. Су аяғы құрдым қай жер? Батыстағы қазақтар су деп өзенді айтады. Құрдым - соның жоғалуы. Өзен әдетте не өзенге, теңізге, не мұхитқа құяды. Ал мына жерде өзен құрдымға кетіп отыр. Аякөзден қырық күндік жерде осындай өзен бар ма? Бар. Батыста Ембі өзені. Олай дейтініміз жырда Айбас Қарабайды іздеп «көк таймен өрге салды» делінген. Мұндағы «өр» деп отырғанымыз - күннің шығысы. Кері қайтарында «батыр Айбас төмен шапты». Яғни, төмен деген батыс. Сонда біздің іздегеніміз Ембі өзені болып шығады. Ембі Каспийге жетпей, тарам-тарам болып, көл-көлшіктерге айналып кетеді. Бұл Ноғайлы ордасының ту тіккен жері. Есімізге түсірейік: қазақ-ноғай айырылысқанда Қазтуған жырау «салп-салпыншақ үш өзенмен» қимай қоштасады. Олары - Еділ, Жайық және Ембі. Бабаларымыз ноғайлы заманында, жырдың кей нұсқасына қарағанда одан әріде де осы жерлерден бастап Алтайға дейінгі аралықты мекен еткен. Олай деуге себеп - Алтай Қарабай үшін бұрыннан қатынасын үзбеген өз жері, Су аяғы құрдым болса, Қарабай үшін жырда жат жер, оның «айдалада жүре алмауының» бір себебі осы. Және назар аударатын нәрсе - Қарабай ауа көшкенде жолда еш кедергісіз жөнкіліп жүре береді, оның алдынан шығып, неге келдің дейтін адам жоқ. Рас, ол хан, жасағы бар, Қодар сияқты батыры бар қорған болатын. Бірақ бөтенсітіп, жол тосқан да ешкім жоқ. Сол сияқты Айбас та, Қозы да Аякөзге емін-еркін жетіп келеді. Демек, ол заманда жер ортақ, ел тұтас болған.

Мынадай шегініс жасайық. Біздің орта ғасырдағы, одан берірек, бодандыққа дейінгі тарихымыз Шыңғыс тұқымының тарихы болып кеткен. Өзіміз солай дедік, Батыс солай деп таныды. Осы мәселе туралы тарихшы В.П.Юдиннің мына пікірі назар аударарлық:

«Шыңғыс ханды пір түту өзінен-өзі пайда бола қойған жоқ. Ол Шыңғыс ханның өзі мен оның ұрпақтарының мүдделі саясатының мәні бағындырылған монғол және түркілік тайпалар мен халықтардың жадынан олардың өздерінің өткен тарихын түгелдей дерлік жоқ ету болды. Тек сонда ғана оларды табысты басқару мүмкін болған еді.

Осы саясаттың этникалық тұрғыдағы құрамдас бөліктерінің бірі ретінде аталған тайпалар жадынан өздерінің өткен атауларын шығарып тастауды қарастыруға болар, сірә!» [7].

Шындығында біздің монғол шапқыншылығына дейінгі де, соңғы кездерде де қатар жүріп отырған тарихымыз бар. Бір мысал: Шыңғысхан үстемдігін орнатқанға дейінгі қыпшақ даласында ең үлкен билік Бидің қолында болған. Билерді қыпшақ даласының билеп төстеушілері деуі әбден болады. Ал хан дегеніңіз олардан төмен тұрған. Әр тайпалық одақтың көсемі өз алдына бір хан. Мәселе ушыға келгенде олар билеріне бас ұруға мұқтаж болған. Әр жаулап алушы өз тәртібімен келеді. Шыңғыс тұқымы да өз тәртібін орнатты. Билерді өздерінен төмен қойып, таза хандық институтын орнатты. Бірақ, байырғы билеушілер монғолдардың келуімен өз дәстүрімен өмір сүруін тоқтатқан жоқ. Оның мысалы - Едіге би. Тарихшылар Едігенің хан болмауын Шыңғыс тұқымынан емес еді дегенмен түсіндірмек болады. Дерексіз нәрсе. Едігеге хан болудың қажеті шамалы, керек болса ханды таққа өтірік отырғызатын, ол ханнан жоғары, ол - қалың ноғайлының биі. Негізінде арнаға оралсақ, елдің, жердің тұтастығының кепілі, бәлкім Қарабайды аяуа көшуінің бір себебі де сол би, бидің ханға үстемдігі болуы мүмкін. Әйтпегенде қыз бермеймін деп байтақ мемлекеттің бір шетінен екінші шетіне үдере көшу ақылға сиымсыз. Мәселе саяси халге қатысты. Жырда былай делінеді:

*Байлығын Балталының көрмеймін деп,
Тіліне Ер Тайлақтың ермеймін деп,
Көрі атаң ақылы жоқ өрге қашты,
Қызымды жетім ұлға бермеймін деп...*

«Ер Тайлақ», бізге мәлім болып отырғандай, Тайлақ би Қарабайды неге илдіргісі келді? Сертінде тұр, елдің іргесін бұзба, қызынды Қозын бер деді ме, әлде тағы бір оқшау себеп болды ма? Қарабай осының жерді алып жатқан дүйім елге сөзін өткізіп келген Тайлақ бидің тілін неге ермеді?

Ал Қарабай болса хандық жүйені мұрат қылған адам. Ол «оңаш бұзауды» қалайды, «Тайлақ бидің тіліне» ергісі жоқ. Бұл деген саяси дағдарыс. Біздің оқиға негізі геосаяси мәселеге қатысты ма деген болжамымыз да осыдан шығады. Жырдан бірнеше үзінділер келтірейік.

*«Ақ сүйегін ер Айбас өзі жуып,
Жаназасын батырдың өзі оқыған...»
«Бұрынғы өлеңшілер түрікпен деп,
Нәсілі Сарыбайдың ноғайлы емес...»
«Дінсіз кәпір, осынша не жаздым деп,
Кескілеп Қарабайды итке салды.*

[8]

Егер бұл жолдарды қазақ исламды толық қабылдаған соң енгізілген қосымшалар деп емес, түпнұсқа ретінде қарастырар болсақ көп нәрсе, соның ішінде Қарабайдың ауа көшуінің мүмкін себептерінің бірі де бой көрсетеді. Қозының жұрты түрікпен екен. Түрікпен деп ислам дінін қабылдағандарды атаған. Қозыны Айбастың өзі арулап қоюы осы маңда исламды алған адам жоқ. Жырда Қарабайды «дінсіз кәпір» деп тұр. Қарабайдың «Тайлақтың тілін алмауы» бәлкім осында жатырма? Егер осыған қол қойсақ, балбал мүсіндердің пайда болуы да айқындалады - қырық мың қолмен Тайлақ бидің нұсқауымен шауып келуге жіберілген Айбас ел даналарымен келісім, ымыраласып, болашақта іргеміздің бүтіндігінің белгісі болсын деп осы зәулім құрылысты салады. Жалғыз ол емес, қарсыласқан екі жақ, ара ағайын - түбі бір түгел түркі жұрты жабылып салады десек артық емес. Бұл мәнде Қозы мен Баянның күмбезі елдіктің символына айналады. Ал балбал тастар хикаясы өзінен-өзі айқындалады: күмбез салынды, ел тарады, ал әлі мұсылмандықты қабылдап үлгермеген найман елі (мен Қарабайды найман деп қарастыруға бейілмін) - (Е.Ғ.), өз ғұрпына сай дайын күмбез алдына балбал мүсіндер орнатуы әбден мүмкін.

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының мыңжарымжылдығы осы символ-күмбезге жұртшылық назарын қайтадан аудартты, оның жаңа дәуірі басталды. Жаңа дәуірі деген оған таңырқау, қалпына келтіру немесе зиярат ететін орын ету деген емес, егемендік алғаннан соңғы уақыттағы түлеген санамыздан өткере отырып, жаңаша оқып түсіну деген сөз. Бұл, әсіресе бүгінгі ұрпақ үшін маңызды. Кеңестік дәуір біздің санамызға аса бір ауыр жүк қалдырып кетті. Ол бәрін ақ-қара, жаман-жақсы дегендер арқылы түсіндіру. Осы идеологиялық дерт «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырына да тиді. Мәселен, Ғабит Мүсіреповтің осы аттас пьесасы бар. Оны тоталитарлық-таптық заманның нұсқасы деп қараған орынды. Бұл нұсқада тарихи шындық көмескі, мәдени-рухани кеңістік аясы тар. Оқиға адамдардың таптық сана құрылымына негізделген. Шығарма жақсы адам - жаман адам деген дилеммаға құрылады. Ал біреуді жақсы деу үшін екінші бір адамды зұлым деп көрсету міндет пе?

Жырдың мыңжарымжылдығын мерекелеу барысында мен мынадай жайдың куәсі болдым: зират басында Қозы мен Баян аруағына дұға қылысты. Ойландым: сонда Қарабайдың, Қодардың аруағы қайда? Олар шынында зұлымдар ма? Трагедияның себебі оқиға емес пе? Бұл мәдениеттануда да, филологияда да ілгеріде болмаған жаңа концепция. Оған үлкен сана арқылы жетуіміз керек. Сана болғанда ізгілікті сана

болуы керек. Ойлағаның ізгілік болса жетер жерің де ізгілік, ол болмағанда біреуді жауыз етіп аласың. Ал жаман-жақсыны, ізгі-зұлымдықты айыратын кім? Ол — Жаратушы. Кімнің жаман, кімнің жақсы екенін сол айырады. Біздің жаман-жақсы дегеніміз субъективті нәрсе. Бәлкім қазір жаман деп отырғанымыз шынында жақсы шығар. Біз оны түсінбей айтып отырған шығармыз.

«Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырынан да мен жағымсыз кейіпкер көріп отырған жоқпын. Қызына Баян деп еркек адамның атын қойып, өзіне мұрагер сайлаған, соның бақыты үшін тізгінін өзгеге, тіпті Тайлақ биге де ұстатпаған Қарабайдың не жазығы бар? Одан теренде келсек, ол тоқсан мың жылқы ұстаған адам. Бұл дегеніңіз — дәулет. Осынша мал екінің біріне бітпейді. Ол осы арқылы, осы дәулетті арқасында хан болып, дүйім елді асырап, сақтап отыр. Қодар бол елдің, дәулеттің қорғаны, батыр. Оның Баянға ғашық болуының не айып? Ол да сол ғашықтық жолында өмірін қиюға әзір, ақыр-соңында қияды да. Тайлақ би ше? Елдің, жердің тұтастығын, ағайын арасының тұтастығын мақсат еткен қайраткер. Сонда жаман кім? Өзі көрмеген бірақ естумен келген Қозы ма, әлде оған ғашық болып қалған Баян сұлу ма? Әрине жоқ. *Трагедия себебі — оқиға.*

Түйіндей келгенде айтарымыз мынау: «Қозы көрпеш - Баян сұлу» жыры біздің ұлттық тарихымыздың, жер тарихының, рухани мәдениеттің және дүниетанымымыздың қайнар көзі. Оны ендігі жерде әдеби нұсқа деуден гөрі осы тұрғыда қарастыруымыз дұрыс.

«Қозы көрпеш - Баян сұлу» жыры ұлттық дүниетанымның бастауы деп отырғанда айтпағым Жер және Ел туралы мәселелерге тікелей қатыстығы. Оны қалай түсінуге болады? Мыңжарымжылдық тарих бар жырдағы (барлық варианттарында) оқиғаға назар салсақ, Мұғажда таулары, Ембі өзенінен шығыстағы Аякөзге адамдар ерсілі-қарсылық жүріп, емін-еркін қатынасып жатыр, демек арада өзге мемлекеттер жоқ, біртүс ел. Ойлаймын, жырдағы оқиғаға негіз болған алыс мемлекет тарихшылар назарынан тыс қалғанға ұқсайды. Мыңжарымжыл бұрын (мүмкін мың жыл, — *Ғ.Е.*), яғни Шыңғысхан шапқыншылығына дейін, қазіргі Қазақстан территориясында рухани тұтастығы ортақ мемлекет болған. Демек, қазіргі Қазақстан территориясы ата-бабаларымыздың осыдан мың жыл одан да әлде бір бұрынғы жері, мемлекеті болған, сол жерде бір орталыққа бағынған ел болған. Сондықтан ұлттық дүниетанымның тарихи ұғымдары Жер және Ел болған. Осы екі ұғым эпостардың, жырлардың қай қайсысында болмасын басты идеялар. Бұл ұғымдардың қазір

болмысымыздағы алатын орны ерекше. Бұлар ұлттық дүниетанымның басты арналары, халық даналығының негізгі субстанциялары.

* * *

Ұлттық дүниетанымның ендігі бір арнасы — *ертегілер*. Бұл мәселені қалайша түсіндіреміз? Ертегі дегеніміздің өзі не? Ол шындық па, жоқ әлде шындық туралы қиял ма? Ертегіні ертегі етіп, оған бізді ынталандырып тұрған негіз не? Бұл сұрақтарға жауап беру бір қарағанда жеңіл сияқты. Ертегі дегеніміз ерте замандарда болған, бірақ халықтың ойлау дәрежесіне, өмір сүру салты мен ой-армандарына орай байытылып, өзіне тән формаға ие болған, бәлкім өмірде мүлде болмаған, қиялға құрылған оқиғалар десек те болар. Бірақ бұл анықтама ертегінің табиғатын толық аша алмайды. Ертегіні ертегі етіп, бізді ынталандырып отырған, менің пікірімізше — *идея*. Ертегідегі идея онтологиялық шындық, онтологиялық сана. Ертегілердегі идея қазіргі біздің өмірімізде жүз құбылып жатқан шындығымыздың қасында әлдеқайда айқын. Идея дегеніміз - шындықтың айқындығы. Айқын шындық идея, релятивтік тұрмысқа қарағанда өміршен, тіптен шындықтың аксиомалық формасына айналған. Ертегідегі идеялар ғылымға, техникаға өріс берген. Мәселен, айшылық жерге әп-сәтте жеткізетін желаяқ немесе ұшқыш кілем идеялары заманымыздың шындығына айналды. Бала ертегіні неге ұнатады дегенге келсек, мынаны айырып алайық: бала деген кім? Ол дүниені ғылыми түрде реттемеген, яғни қалыпты түсініктерге түсірмеген адам. Бала дүниені ертегі арқылы білгісі келеді. Ертегі балаға үлкендер сияқты таным құралы емес, ертегі ол үшін шындық. Бала ертегімен қоштасқанда балалық шағымен де қоштасады. Адамдардың арасында осы балалық санасын сақтап қалатындар да кездеседі. Бұл жаман ба? Альберт Эйнштейн егер адамдар өзінің жас кезінде балалық қасиетін жойып алмайтын болса, олардан суретші немесе философ шығады деген дейді. Ертегі сатысынан әр адам өтеді, бірақ жоғарыда айтылған қасиетті сақтап қалу аздаған ғана адамдардың үлесіндегі нәрсе.

Біз бүгін қазақ ертегісі негізінде «жаман адам кім?» деген сұраққа жауап беруге талпыныс жасап отырмын. Бұл сұрақ кезінде талай ойшылдарды толғандырған. Бірақ оның жауабы мынау деп, әлі күнге нақтылы шешіп айта алмаймыз. Адамның жаман атануының өлшемдері қандай? Кімді жаман адам дейміз? Бұған жауапты кім бермек? Қазақтың «Аяз би» туралы ертегісінде жаман адам туралы идея

көтерілген. Бұл — идея шындығы. Грек ойшылы Платон да «идея — нағыз шындық» деген болатын.

Ертегі - мәдени-философиялық феномен. Сонда ертегінің мәні идея десек, ол философиялық талдаудың пәні болмақ. Аяз би ертегісінде жаман адам проблемасы қалай шешіледі? Ол үшін ертегінің сюжетіне назар аударайық. Ертеде Мадан деген хан болыпты. Хан болған соң қырық уәзірі болатыны белгілі. Бір күні хан уәзірлерін жинап алып, оларға он бір ай мерзімде үш жаманды - құстың жаманын, шөптің жаманын және адамның жаманын алып келуге бұйырады. Уәзірлер көп жүріп ақыры «өзі тікен, арасынан жүрсе киім жыртады, мал жемейді екен, шөптің жаманы осы ғой» деп шеңгелді алады. «Үстінде жүні жоқ, ұсқыны келіссіз, құстың жаманы осы екен» деп қырғауылды алады. Ал адамның жаманы деп үстінде жыртық тоны, басында тері тымағы бар, бес-он қойды бағып жүрген бір адамды алады. Ханға келе жатып Жаман уәзірлерге шеңгел мен қырғауылды тастатқызып, орнына қарақоға мен сауысқанды алғызады. Ал өзі туралы уәзірлердің қателеспегенін айтады. Одан әріде ол өзінің жаман екенін қалай дәлелдейді? Ертегіден үзінді келтірейік.

«...Хан Жаманның бетіне қарап:

- Мен құстың жаманы - қырғауыл, шөптің жаманы шеңгел деп ойлаушы едім, сен оларды тастатыпсың. Сен шөптің жаманы — қарақоға, құстың жаманы сауысқан екенін қайдан білдің? — дейді.

- Тақсыр хан! Елу жасқа келіп жаман болған жоқпын, жасымнан-ақ жаман едім. Өмірім отын-су тасумен кісі есігінде құлшылықта өтті. Сол кезде шеңгелді әкеп отқа жақсам, кешке жаққан отым ертеңге шейін сексеуілдің шоғындай жайнап жататын еді. Сол уақытта «Киім жыртып, мал жемейтін шеңгел отын болып пайдаға асады екен-ау» деп ойлаған едім. Ал енді қарақоғаны алып отқа жақсам жанбайтын еді, малға салсам барлық мал мұрнын шүйіріп жемейтін... қарақоғанын жамандығын содан білдім, - дейді Жаман.

- Сауысқанның жаман екенін қайдан білдің? - дейді хан.

- Қырғауылдың қанаты бар да, жүні жоқ болса да, адамның пайдасына жарайтын құс еді. Біреудің сиықсыз болуы оның жаратылысынан. Қырғауылдың айыбы тек сиықсыздығы. Ал сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын құс еді. Сондықтан құс жаманы сауысқан деймін.

- Сауысқан мен қарақоғаның жамандығын білдің. Енді өзіңнің жамандығыңды қайдан білдің, - дейді хан.

- Уа, тақсыр! Менің жасым елуге келді. Мен қатарлылар әйел алып, бала көрді; келін жұмсап, қызық көріп отыр. Мен қайда болса сонда, басқа біреудің құлшылығында жүрмін. Енді мен жаман емей, жақсымын ба? — деп, Жаман ханға қарайды».

Осыдан соң ханға мұның шын жамандығы туралы күдік енеді. Ол Жаманнан тұлпарын, асыл тасын және жеті атасынан хан санайтын өзін сынауын сұрайды. Сондағы жаманның жауаптарына назар аударалық:

«Тұлпарыңыздан өзге мін таба алмадым... тек сиырға шатыс екен... судан әрі-бері өткенде аузын суға салып, артқы аяғын сілкіп өтті. Сиыр күніне қырық суарсаң да судан айдағанда аузын суға малмай, артқы аяғын сілікпей өтпеуші еді...»

«Сіздің тасыңыз рас, қасиетті тас екен. Бірақ екі жылдан соң қасиеті бітеді. Тастың ішінде екі ақ қарабас құрт бар... Тастың қасиетіндей салмағы да болуы керек. Тас жеңілдеген екен...»

«Тақсыр ханым! Ақыл-ойың ешкімнен кем емес, бірақ хандық қара басында, қарадан туып хан болғансыз, атаңда хандық жоқ... сіз нағыз наубайдың баласысыз», - дейді. Хан таң-тамаша болып, оның себебін сұрайды. Сонда Жаман: «Мен жаман-жақсы болсам да үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы - жал мен жая аузыңызға түспей, нан, көже түсіп, мені келісімен аспазға жібердіңіз. Салтыңызға тарттыңыз...» [9].

Жаманның бұл айтқандарының бәрі шындыққа шығады - тұлпардың құлын кезінде сиыр емгені де, тасқа құрт түскені де, хан анасының өлімнен қорқып қызын наубай әйелінің ұлына алмастырып, бала еткені де. Бірақ осының бәрі жаман жаман емес, жақсы екен дегенге негіз бола ала ма? Өлшем бола ала ма? Жақсы адам мен жаман адамның айырмашылығы неде? Біз кімді жақсы, кімді жаман дейміз. Жақсы мен жаманды айыруға жағдайымыз бар ма? Айтылған жайлардан біз Жаман ойы үшқыр, күнделікті тұрмыстан жиғаны мол адам екенін көрдік. Жаманның тапқырлығы туралы ертегіден тағы бір мысал.

«Бір күні хан... таудың етегінде қой жайып жүрген бір шалға ұшырап, сәлем беріп:

- Уа, ата, мына таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды? — деп сұрайды.

- Бір жиырма жыл болған шығар, — дейді шал.

- Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?

- Он бес жыл болды.

- Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды?

- Оған да бір он жыл болған шығар.

Хан ойланып тұрып, тағы да:

- Ата, өзіңіз нешеусіз? — дейді.

- Ой, шырағым-ай, жатқанда екеумін, тұрғанда төртеумін.

- Баба, менің қырық асыранды қазым бар, соны білдірмей жүніп жүлып, күйдірмей пісіріп, қан шығармай сойып беретін кісі бар ма? — деп сұрайды хан.

Сонда шал:

Адамына тап болсаң, айтқаныңнан да артық етер, - дейді».

Осы сөздердің шешуін хан 40 уәзірінен сұрайды, олар жауап бере алмай, жаманға барады. Ол сөз шешімін айтады:

«— Ол шал жұрттан асқан дана еді. Хан оның даналығын сезіп, қырық уәзірімді жөнге салып, ақыл айтпас па екен?» деп сәлем беріп, тілдесіп еді. Ханның «Бұл таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені. «Шашыңа ақ кіргелі неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Шашыма ақ кіргелі жиырма жыл болды?» деді. Ханның «Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені «Сақалыңа ақ кіргелі неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «оған да он бес жыл болды» деді. Ханның: «Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды?» дегені «Көзіңнен жас аққалы неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Оған да он жыл болды» деді. Ханның «Ата, өзің нешеусі?» дегені «Үйінде неше жан бар?» дегені еді. Шалдың: «Жатқанда екеуміз, тұрғанда төртеуміз» дегені «Менің бұрынғы әйелім өлген, қазіргі әйелімнің байы өлген, түнде жатқанда екеу болғанмен, күндіз мен өлген әйелімді, әйел өлген күйеуін ойлайды» дегені еді... Ханның «Қырық асыранды қазым бар, соны қан шығармай сойып, білдірмей жүлып, күйдірмей пісіріп беретін кісі бар ма?» дегені «Менің ақылсыз қырық уәзірім бар, соларды ұрмай-соқпай жөнге салатын кісі бар ма?» дегені еді. Шалдың «Адамына тап болсаң айтқаныңнан асырар» дегені оның шешуін маған жолдағаны еді... үстеріндегі киімдерінді алып отқа жаққаным - білдірмей жұлғаным, күйдірмей пісіргенім, сендерді алдыма салып, жалаңаш, жаяу ханға айдап - әкелгенім қан шығармай сойғаным еді. Ал енді осымен ханның жұмысы біткен шығар, - деп Жаман сөзін аяқтады» [9].

Әрбір ертегі сияқты бұл ертегі де бақытты аяқталады: Жаман Аяз би аталып хан тағына отырады. Бәлкім шын, бәлкім жалған. Біз ертегі көбіне шындыққа негізделеді десек те, Аяз бидің тарихта болған, болмағанына тереңдемейміз. Онымен айналысушы тарихшылар,

мамандар бар. Шындық - даналықта. Бас кейіпкерді Жаман деп атай отырып, сол арқылы даналық мәселесін көтереді, жаман адам проблемасын сол арқылы жеткізуге ұмтылады. Соңғы хикая осы ертегіден өзге де бірқатар жерлерде, мәселен шешендік сөздерде ұшырасады, билердің аузына салынады. Бұл біз ғылыми тұрғыда енді ғана жітірек назар аударып бастаған герменевтика тәсілінің қазақ дүниетанымында ертеректен елеулі орын алғанын көрсетеді.

Осынша сыннан өткен жерде де ертегі оны Жақсы демейді: *«Жаман болса да, қысылғанда айла табатын ақылды, данышпан еді»* дейді. Яғни, адамның ақылы да, данышпандығы да оның жаман-жақсылығына жеткілікті өлшем емес. Керісінше, жаман мен жақсыны ажырата білу - данышпандық. Сонда өлшем не?

Мына үзіндіге назар аударайық: *«Баяғы өзінің жыртық тонымен жаман тымағын ордасының маңдайшасына шегелеп қойды. Кейде хандықпен көңілі ауытқып, тура жолдан таяйын десе, тоны мен тымағына қарап: Әй, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз әлінді біл, құмырысқа жолынды біл!»* деп көңілін басушы еді». Ертегі бізге осы жерде жаман мен жақсының арасын ажыратып беріп отыр. Ол - «тура жолдан таймау». Ал тура жолдан таймайтын адам кім? Ол - ізгілік жолындағы адам. Аяз би осындай ізгілік жолындағы адам. Оның ізгілігі шүкір, тәуба, қанағат деген ұғымдар аясында анықталады. Қараңыз: «баймын деп аспа, ханмын деп таспа!» Соншама даналық бойына сиып тұрғанда, оның өзіне әділетсіздік жасаған уәзірлерге де билік жолымен немесе басқа жолмен тойтарыс беруге мүмкіндігі бар екенін ешқандай жоққа шығара алмаймыз. Ханның да «қан шығармай сою» идеясының арғы жағында данышпандық, ізгілік жатыр. Сонда ертегінің мәні данышпандықты дәріптеуде, ізгі жолмен данышпандыққа жетуде жатыр, жаман мен жақсыны данышпан ғана айыра алады деген ой жатыр. Байқап отырсақ, ертегіде зұлымдық немесе зұлым адам деген жоқ. Уәзірлердің әрекеті - пендешілік. Ал пендешіліктен адал адам бар ма?

Маған лекция барысында миф пен ертегінің айырмасы, олардағы шындық туралы сұрақтар түсті. Кей зерттеушілер, әсіресе мифология саласында маманданушы ғалымдар миф те, ертегі де болған оқиғалардан алынған, абсолютті жоқ нәрседен ештеме алынбайды, ертегіні балалардың жақсы көруі ертегі оқиғаны қиялиландырып, идеяны жеңілдетеді, әйтпегенде ертегіден гөрі мифте шындық басымырақ, мифтің мәні ертегіге қарағанда ауқымдырақ, миф, дін - бәрі қоғамдық сананың формалары дегенді алға тартады. Осындағы